



10-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ТЕОРИЯСЫ. ЭЙЗЕНШТЕЙННЕН ТАРКОВСКИЙГЕ ДЕЙІН

Эйзенштейннің түс теориясы





Мақсат: Эйзенштейннің түс (рең) теориясы жайлы айту.

Біз Семен Фрейлихтің «Кино теориясы: Эйзенштейннен Тарковскийге дейін» негізіндегі бейне дәрістерімізді жалғастырамыз. Бүгінгі дәрісіміз С.Эйзенштейннің түс, яки, рең теориясына қатысты өрбиді.

Жалпы, С.М. Эйзенштейн кинодағы символизмді мақұлдаған. Ол өзінің «Тік монтаж», түпнұсқа атауы «Вертикальный монтаж» мақаласында қайсыбір түстің символикалық мағынасының пайда болу тарихына тоқталып кеткен.

Мысалы, ол былай деп жазған, атап айтсақ: «... Христиандардың діни символикасы алтын және сары түспен жанның жаратқанмен бір болуын білдіріп, тап осы түсті рухани опасыздықты бейнелеу үшін де қолданған.

Дін саласынан тұрмысқа ауысқан осы сары және алтын түспен некелескен жұптың шаттығы мен көзге шөп салуды бейнелеп келеді.

Грекия үшін алтын алма махаббат пен келісімнің, сонымен қатар, араздық пен күллі қасірет атаулыны бейнелетін символ».

Бізді қызықтырған сары және алтын түстердің аясында қалып, тағы да сол амбиваленттілік заңына сәйкес, бұл жоғарғы құндылықпен қатар, «қоқыс» деген мағынаны да білдіретінін айта кету керек. Бұл Батыс Еуропаның ауыз екі сөйлеу салтында ғана емес, Ресей аумағында да сақталып келеді. Мысалы, «золотарь» термині қоқыс жинаушыларға қарасты айтылады.

Осылайша, сары және алтын түстің бірінші, «жағымды» түсінігі сезімталдылық негізінде көрініс тауып, көзге түсер ассоциациялармен (күн, алтын, жұлдыз) өрнектеледі.

Сары түс жайлы тап осындай түсінік Пикассода да бар:

Оның «... Кей суретшілер күнді сары даққа айналдырады. Ал, дарынның аркасында, кей суретшілер сары дақты күнге айналдыра алады...» - деген қанатты сөзі бар.

Тап осы суретшілер жайлы Ван-Гог та өзінің «Хаттарында» жазған болатын:

«... Көз алдымда тұрған заттың көшірмесін жасамай, мен, керісінше, түсті өз еркіммен қолдана аламын. Себебі, өз басым, көркемділікке күш саламын... Мен таныс суретшінің портретін салып жатыр деп елестетші. Айталық, ол ақ-құба жан... Басында мен оны айнытпай саламын, сол қалпын сақтап қаламын; бірақ, бұл тек басы ғана. Туынды аяқсыз қалып отыр. Осы кезде барып, мен еркін түске бояй бастаймын оны: ақшыл шашын одан сайын ағартамын, сарғыш, хром, лимонды-сары түсін таңдаймын. Оның арқа тұсында тұрған қабырғаның орнына шексіздікті бейнелеймін; көкшіл түстен қарапайым фон жасаймын. Көкшіл түстің бояуы қанық. Осылайша, ақ-құба бас көкшіл фонда салынғанда, қараңғы түнекте жарқыраған құпия сырға толы жұлдызға айналып кетеді ...» - деп жазған еді, Винсент Ван-Гог өзінің атақты «Хаттарында».

Сары түстің бастапқы, «сәулелі» бейнесі бірінші жағдайда оны алтынмен (Пикассо), екінші жағдайда жұлдызбен (Ван-Гог) байланыстырады.



«Мария Тереза» Пикассо



«Күнбағыс» Ван-Гог

Пикассоның «Мария Тереза» және Ван-Гогтың «Күнбағыс» деген атақты картиналарына назар аударайық. Көріп отырғаныңыздай, сары түс өте басым.

Дегенмен, сары түстің ауыспалы мағынасын одан әрі талдап көрелік.

«... Орта ғасырда — деп жазады, Порталь, — сары түске қатысты осы ұстаным автоматты түрде сақталып қалды ...»

«... Маврлар қарама-қайшы символдарды сары түстің екі ерекшелігіне қарап ажырататын. Алтын жалатылғандай сары түс “данышпан” және “ұтымды кеңес” деген мағына білдірсе, боз-сары — опасыздық



пен өтірік ретінде қабылданатын ...»

Жалпы, Орта ғасырда испан раввиндері бұған қатысты тіпті қызық пікірді ұстанған:

«... Раввиндердің пайымдауынша, мейірім мен зұлымдықты тану ағашындағы тыйым салынған жеміс... лимон еді, оның қышқылтым дәмі мен боз-сары түсі апельсин немесе латын мағынасында «алтын алма» саналатын жеміске қарсы қойылып келді ...»

Қарасаңыз, екеуі ұқсас, бір жағынан. Бірақ, біреуі тәтті, екіншісі қышқыл. Апельсин және лимон. Оны апельсинге қарама-қайшы қойылған жеміс ретінде қарастырады.

Қалай болған күнде де, осы қалып сақталып келді:

«Геральдикада алтын - махаббат, тұрақтылық пен данышпандықты білдірсе, сары түс, керісінше, тұрақсыздық, қызғаныш пен көзге шөп салу, яки, адюльтер ретінде қабылданды...»

Францияда сатқындардың үйінің есігін сары түске бояу – осының бір айқын көрінісі. Испанияда жендеттің ресми киімі екі түстен құралуы тиіс еді: сары және қызыл. Мұндағы сары түс кінәлінің опасыздығын білдірсе, қызыл түс – жазасын және т.с.с. білдіретін. Бір жағынан, қан.

Түстердің атамзаманнан белгілі мағынасы мен оның адам психикасына сөзсіз әсерін символистер осылай түсінген. Мұның «мистикалық» негізі де бар. Мысалы, «Армандар қайда әкеледі?» деген фильмді көрсек. Роббин Уильямс басты рөлде ойнайтын. Голливудтық танымал фильм.

«Куда приводят мечты» фильмінен үзінді

- сары, алтын түс жұмақ белгісі



Мұнда сары түс жұмақ секілді символикалық мағына беретінін крруге болады. Сондай-ақ, сары түске қатысты С.Эйзенштейннің шығармашылығындағы «сары», «алтын түске» тоқталсақ. Оның «Иван Грозный» фильмінде осы түске көп мағына сыйдырылған. Үлкен назар аударылады. Өйткені, бұл фильмде «тақ», «алтын тиындар» - биліктің символы ретінде көрсетіледі. Оның таққа отыру салтанаты, осының барлығы «алтын түс» арқылы беріледі.

Жалпы, алтын өте сирек металл болғаннан кейін, оны иелену – биліктің, сондай-ақ, әрине, байлықтың символы ретінде көрініс тапқан. Бұл атамзаманнан солай. Естеріңізде болса, сақ дәуіріндегі біздің «Алтын адам» Есік қорғанынан табылған. Оның да сауыты толығымен алтыннан жасалған. Өте нәзік металл болғандықтан, бұл сауытты шайқасқа кию мүмкін емес еді. Бұл таза әсемдік үшін, өзінің жоғары мәртебесін білдіру үшін, ерекше етіп көрсету үшін қолданылған элемент. Мысалы, Берель қорғанында табылған аттар да солай. Олар толығымен алтынмен әшекейленген. көріп отырғанымыздай, біздің заманымызға дейін, сонау Вавилон заманына бастап, алтын – биліктің символы ретінде көрсетілген.

Енді сары түстен бөлек, жасыл түске тоқталып өткеніміз жөн болар. Ол сары түске жақын тұр. Жағымды кейпінде жоғарыда айтылған сезімдерді тудырса, жағымсыз кейпінде әлгінде ғана айтқан сатқындықтың символына айналған. Осының бәрі қалыптасқан ассоциациялар мен амбиваленттіліктің салдары.

Бірінші, жағымды мағынасында ол өмірдің, қайта өрлеудің, көктем мен үміттің символы. Дінге тоқтасақ, христиан, қытай және мұсылман дінінде де жасыл түс позитивті мағынаға ие. Байрақ түсі жасыл болған, Мұхаммед пайғамбарға қиналған сәтінде «жасыл сәлде киген періштелер» көмекке келгендіктен, жасыл түс исламда өте киелі түстердің бірі.

Енді, жасыл түсті айқын көрсететін Ким Ки Дуктың «Көктем, жаз, күз және қайтадан қыс» фильмінен үзінді көрейік.

Жасыл – табиғатқа өте жақын түс. Осыған қарап, қарама-қайшы түсініктер де қалыптасқан. Реңге қатысты. Үміт түсі – үмітсіздік пен торығуды білдіреді; Грекияның сахналық ұғымында қою-жасыл түс (теңіз) белгілі бір жағдайда зұлымдықты да білдіретін.

Мұндай жасыл түс көк түске жақын келеді. Қызығы, жапон театры үшін көк түс жағымсыз кейіпкердің, зұлымдардың түсі. Осы театрда әр кейіпкер белгілі бір түспен сипатталатыны белгілі ғой.

1931 жылдың 31-қазанында Кабуки театрының бет-әлпетті бояйтын «Кумадори» жайын Масар Кобайоши есімді зерттеуші мынадай қызықты ойлар жазған болатын:

«... Кумадори негізінен қызыл және көк түсті қолданады. Қызыл түс – жылы әрі тартымды. Көк түс – керісінше. Көк түс зұлымдардың, ал, дүлей күш иесі саналатын мақұлықтардың ішінде, елес пен жындылардың түсі ...». Яғни, зұлымдықты білдіруші үшін кумадори көк түсті грим қолданады.

Бірақ, Портальдың жасыл түс жайлы жазған ойларын келтіре кетейік:

«... Жанның жаңғыруы мен данышпандықты білдіретін жасыл түс, сонымен бірге, азғындық пен



есуастықтың да белгісі болатын.

Швед теософы Сведенборг тозақта азаптанып жатқан есуастарды жасыл көзді етіп суреттеген. Шартр шіркеуінің бір витражы Христосты азғырушы сезімдерді суреттеген; онда шайтан жасыл түсті етіп суреттелген, көздері де жасыл ... Символикада көз интелекті білдіреді. Адам оны жақсылыққа не зұлымдыққа бағыттай алады. Шайтан да, Минерва да – есуастық пен данышпандық – екеуінің де көздері жасыл етіп бейнеленген...» (стр. 132).

Осы жасыл түске қатысты, А.Тарковскийдің «Сталкер» фильмінен бір үзінді көрелік.

Бұл жасыл түс, айтып өткенімдей, табиғат түсі, сонымен бірге, мистикалық дүниені де білдіреді. «Сталкер» фильмінде жасыл түстің маңызы өте зор. Жалпы, тағы бір жиі қолданылатын түс, рендердің бірі – көк. Ол әртүрлі мағынаға ие, бір жағынан — адалдық, мәңгілік пен тұрақтылықтың символы. Мысалы, көне Түркі мәдениетінде көк түстің символикалық маңызы зор. Өйткені, ол жоғарғы әлемді бейнелейтін, яғни, «көктегі Тәңір» сынды тіркесті алатын болсақ, құдай субстанциямен сәйкестендірілетін. Көк түстің де бірнеше мағынасы бар: 1) аспан; 2) жасыл, көк немесе көгілдір; 3) шөп-шалам; 4) сұр (жылқыға қарасты); 5) құдай [15, с.66]; 6) еркін, ерікті [8, с.66]. «Көктің» тағы бір мағынасы — «траур», яғни, қою көк түсі басым көйлек немесе көк көйлек [15, с.66]. Көк Тәңірдің тұрақты эпитеті – Көк Тәңірі, ол бәріне жан сыйлап, түркілердің мемлекетін құрысқан, олардың құдіретін аспандатқан. Ол бата беріп, не жазалайтын. Осы алып құдай – Тәңір біздің заманымызға дейін жетіп, мұсылман түркілердің арасында Алла сөзінің синониміне айналды.

Тағы бір маңызды түс – әрине, қызыл. Қызыл түске қатысты Гетенің өінің трактовкасы бар. Ол қызыл түсті үш түрге бөледі: қызыл, қылғылт-сары және сарғыш-қызғылт. Солардың ішінде, сарғыш-қызғылт түске, ал, біздіңше, бұл, айталық... «танго» түсі болар, ол көрермен психикасына әсер етудің тап осындай «қабілетін» дарытады:

«... 775. Қуат белсенділігі шырқау шегіне жететіндіктен, жігерлі, дені сау, мәдениеті төмендеу адамдар бұл түсті құп көреді. Тағы халықтардың бәрінде дерлік бұл түске құрмет аңғарылады. Өздерімен өздері қалып, сурет салып жатқан сәтінде, балалар да осы қызыл бояуды молынан қолдануға тырысады.

776. Сарғыш-қызғылт бояуға ұзақ қарасаңыз, ол бойыңызға сіңіп бара жатқандай әсер қалдырады ...

Сарғыш-қызғылт мата жануарларды қоздырып, алаңдатады. Өз басым, білімпаз адамдардың жауын-шашынды күні шымқай қызыл пальто кигендерді жақтырмай, тіксінгеніне әлденеше рет куә болдым ...»

Қызыл түске қатысты Ингмар Бергманның «Сыбырлау және айғайлау», орысша атауы «Шепоты и крики» фильмінен бір үзінді көрейік.

Қызыл түс – өмірдің, қуаныш пен денсаулықтың символы. Абориген билемес бұрын денесін қызыл түске бояйды, ал, науқас адамдар осы түсті денесінің үстімен өткізеді. Сосын, «Қызыл крест» мысалы. Кеңес үкіметі байрағының түсі болған. «Қан төгіп, теңдігі ар мемлекет құрдык», - деген мағына берген. Мысалы, С.Эйзенштейннің ақ-қара түс дәуірінде түсірген екінші фильмі – «Броньді «Потемкин» кемесі» фильмінде жалауды қолмен қызыл түске бояған болатын. мұның өзі терең мағынаға ие. Яғни, большевиктердің революциясының түсі қызыл түстің символы ретінде қабылданған. Жалпы, С.Эйзенштейннің бір цитатасын келтіре кетейік: «Бір түсті фильмнің өзінде, бір түс қайсыбір фильмнің ішінде бейненің «өте айқын» «валері» бола тұрып, түрлі фильмдердің ортақ бейнелік жүйесі санасына дарытқан бейнелік ойлауға байланысты түрлі болуы да ықтимал.

«Ескі мен жаңа» және «Александр Невский» фильмдеріндегі ақ пен қара түстің тақырыптарын салыстырудың өзі жеткілікті. Бірінші жағдайда реакциялық, қылмыстық әрі ескілік атаулы қара түспен безендірілсе, ақ түспен – қуаныш, өмір, шауашылықтың жаңа түрі сипатталды.

Екінші жағдайда, ақ түс керісінше, рыцарьлардың киімінде қолданылып, жауыздықтың, зұлымдық пен ажалдың (шет елдердегі көрсетілім барысында бұл жәйт көрерменді таң қалдырып, баспасөзде де бұған көп назар аударылды) сипатына айналады; орыс әскері суреттелген қара түс — қаһармандық пен патриотизм символына айналды».

«Александр Невский» фильмінен үзінді көріп отырайық.

Өздеріңіз көріп отырғандай, рең кинофильмдерде үлкен символикалық мағынаға ие. Ол фильмнің тақырыбын, көңіл-күйін, кейіпкердің бейнесін ашуда бірден-бір көркемдік-бейнелік құрал ретінде қолданылады. Түрлі-түсті фильмдерде ғана емес, ақ-қара фильмдерде де мұны байқауға болады. Мысалы, жаңа көрген «Александр Невский» фильмінен. «Броньді «Потемкин» кемесі» фильміндегі қызыл жалау да үлкен символ.